








Автор: Мирманова Гульдана Ибраевна
Пән: Математика
Сынып: 6-сынып
Бөлім: Бір айнымалысы бар сызықтық теңдеулер
Тақырып: Бір айнымалысы бар сызықтық теңдеу

Осы сабақта қол жеткізілетін оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтеме)	6.2.2. ЗБір айнымалысы бар сызықтық теңдеуді шешу
Сабақтың мақсаты	- Бір айнымалысы бар сызықтық теңдеуге қарапайым есептерді шешу. -Бір айнымалысы бар сызықтық теңдеулерді шешуге есептер шығару. -Бір айнымалысы бар сызықтық теңдеу бойынша шығарылған есептерді дәлелдеу
Бағалау критерийі	Бір айнымалысы бар сызықтық теңдеуді шешеді
Тілдік мақсаттар	Оқушылар: Қажетті ақпаратты пайдалана отырып, сұрақтарға жауап бере алады. Пәнге қатысты сөздік қор мен терминдер: Теңдеу – уравнение – equation сызықтық, айнымалы, коэффициент, түбір Диалогтер мен жазу үшін қолданылатын тіркестер: $ax = b$ түріндегі теңдеу бір айнымалысы бар теңдеу ...
Құндылықтарға баулу	Қоғамымыздағы ұлттық бірлік, бейбітшілік пен келісім құндылығына баулу топтық жұмыста жүзеге асырылады
Пәнаралық байланыс	Сызу ,бейнелеу, география Сабақта пәнаралық байланыс тапсырма арқылы жүзеге асырылады
Алдыңғы білім	Санды теңдіктер және олардың қасиеттерін біледі оларды ажырата алады Алдыңғы сабақтан «Теңдеу» ұғымымен таныс

Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың басы (3 мин)	Оқушылармен сәлемдесу, ынтымақтастық атмосферасын орнату, Топқа бөлу –«бір», «айнымалы», «сызықтық», «теңдеу» деген сөздер жазылған кеспе қағаздары арқылы топқа бөлемін, сонымен қатар аталған сөздер арқылы оқушылар бүгінгі сабақтың тақырыбын табады. Сабақтың мақсатымен таныстыра отырып Оқушыларға бірлесіп топтық жұмыс жасайтындығын айтамын	кеспе қағаздары слайд 1 Ой-қозғау Топтастыру стратегиясы

Сабақкезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
«Миға шабуыл» топпен жұмыс (2 мин)	<p>Миға шабул. Алдыңғы білім бойынша сұрақтар қойылады 1. Бір айнымалысы бар сызықтық теңдеу деп нені айтамыз? 2. Қандай теңдеулер мәнделс теңдеулер деп аталады? 3. Теңдеудің қандай қасиеттерін білесіңдер? 4. Теңдеудің түбірі дегеніміз не? Үй тапсырмасына берілген есепті слайд арқылы тексеру.</p>  <p>Бағалау: экранда көрсетілген дұрыс жауап арқылы топтар өзін-өзі бағалайды Саралау: қарқын бойынша</p>	слайд 2 Сұрақ- жауап, ой-қозғау, инсерт әдісі слайд 3
Сабақтың ортасы «Сиқырлы Конверт» (7 мин)	<p>Теңдеулер туралы білетіндерін еске түсіреді постер қорғайды 1-топ $a \neq 0$ $x = v/a$ $2, 3x = 9.2$ $x = 9,2/2,3$ $x = 4$ теңдеудің бір түбірі болады. 2-топ $a = 0$ $v \neq 0$ $0x = v$ $7x + 3 = 7x + 5$ $7x - 7x = 5 - 3$ $0x = 2$ Теңдеудің түбірі болмайды 3-топ $2x + x - 5 = 3x - 5$ $3x - 3x = 5 - 5$ $0x = 0$ Кез келген сан теңдеудің түбірі болады. Бірайнымалысы бар теңдеудің қандай қасиеттерін білесіңдер?</p>	Image not found or type unknown
Бағалау критерийі: (5 мин)	<p>Дескрипторлар: . өз пікірлерін білдіре алады; . тақырыптың мазмұны бойынша мысалдарды құрастыра алады; . пікірлерін дәлелдей алады.</p>	
«Кім жүйрік?» ойыны (5 мин)	<p>Тірек білім, білік, дағдыларды еске түсіру. «Кім жүйрік?» ойыны.</p>  <p>Бағалау: экранда көрсетілген дұрыс жауап арқылы топтар өзін-өзі бағалайды Саралау: қарқын бойынша</p>	Оқушылар әр топ бір-бірін «Екі жұлдыз бір ұсыныс» бойынша бағалайды.

Сабақкезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
«Күн шуағы» ойын (5 мин)	<p>«Күн шуағы» ойын Оқушылар алдын ала берілген кеспе қағаздар бойынша тақырыпқа байланысты есептер шығарады. Дайын болған бала күннің шуағын тақтаға жабыстырады. Әрбір күннің шуағында бір теңдеу.</p> <p>Бағалау: экранда көрсетілген дұрыс жауап арқылы оқушылар өзін-өзі бағалайды. Саралау: тапсырма және диалог пен қолдау көрсету бойынша</p>	<p>Image not found or type unknown</p>  <p>Image not found or type unknown</p> <p>5 Слайд кеспе қағаздары</p>
Ротация әдісі бойынша топпен жұмыс (10 мин)	<p>Қалыптастырушы бағалау</p> <p>Бөлім Тақырып 6.3А Бір айнымалысы бар сызықтық теңдеу. Бір айнымалысы бар сызықтық теңдеулерді шешу Оқу мақсаты 6.2.2.3 Бір айнымалысы бар сызықтық теңдеулерді шешу Ойлау дағдыларының деңгейлері қолдану</p> <p>Бағалау критерийлері Бір айнымалысы бар сызықтық теңдеуді шешу алгоритмін есептеуде қолдана алады</p> <p>Бағалау критерийі Дескриптор: -Бір айнымалысы бар сызықтық теңдеуді шешу алгоритмін есептеуде қолдана алады -Бір айнымалысы бар сызықтық теңдеуді шешу алгоритмін есептеуде қолданды -Ұқсас мүшелерді біріктірді -x ті таба білді, есепке тексеру жүргізді</p> <p>Бағалау: топтар бірін-бірі дескриптор арқылы бағалайды</p> <p>Саралау: қарқын, қорытынды бойынша</p>	<p>Image not found or type unknown</p>  <p>Image not found or type unknown</p>
Сабақтың соңы «Еркін микрофон» әдісі (1 минут)	<p>Рефлексия</p> <p>Image not found or type unknown</p>  <p>Оқушылар «Еркін микрофон» әдісі бойынша сабаққа кері байланысты ауызша айтты. Кері байланыста оқушылар өз топтарының жұмысымен бірге басқа топтың да жұмыстарын бағалады және ұсыныстарын берді. Бұл сабақта оқушылар шығармашылықпен жұмыста топтық жұмыстың пайдасын түсінді деп ойлаймын. Үйге тапсырма: №878 есепті орындау</p> <p>Бағалау парақтары бойынша қорытынды шығару</p>	